«8D08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бердіахметқызы Сәлиқаның «Кіші Аралдағы кәсіптік маңызы бар балықтарының паразитоздары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) **диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);** 2) **диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);** 3) **диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.**	Бердіахметқызы Сәлиқаның диссертациялық жұмысының нәтижелері келесідей гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалар аясында алынды: 1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 217 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылған 2020–2021 жылдарға арналған №AP08955829 «Эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Кіші Арал теңізінің кәсіптік балықтарының ихтиофаунасы мен паразитофаунасын зерттеу» гранттық жобасы. 2. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 267 бюджеттік бағдарламасы аясында орындалған 2024–2026 жылдарға арналған №BR23591095-ОТ-24 «Су айдындарының әлеуетін бағалау және қорлар динамикасын модельдеу негізінде су биологиялық ресурстарын сақтау мен орнықты пайдалануды кешенді зерттеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертацилық жұмыстың ғылымға қосқан үлесі зор, оның маңыздылығы жанжақты және толық ашылған. Кіші Арал теңізінің кәсіптік маңызы бар балықтары бойынша жаңа деректер алынды. Алғаш рет олардың паразитофаунасы кешенді зерттеліп, метазойлық паразиттердің түрлік құрамы анықталды. Сонымен қатар, кең таралған және патогендік маңызы жоғары паразит түрлері айқындалды.

			Зерттеу нәтижелері Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік маңызы бар балық түрлерінің және олардың паразитофаунасының түрлік құрамы, паразиттардың ценоздары туралы заманауи ғылыми мәліметтерді толықтырады. Паразиттік аурулардың алдын алуға арналған ғылыми негізделген ұсынымдар қалыптастырылды. Балық ресурстарын сақтауына байланысты, балық өнімділігін арттыру және Кіші Арал теңізі балық шаруашылығының орнықты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жинақы түрінде түсірінділдді. Диссертацияның материалдары балық шаруашылығына байланысты шараларды жоспарлау мен оны іске асыру жұмыстарында, табиғатты қорғау және ғылыми-зерттеу ұйымдарының практикалық қызметінде қолдануға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Автор Қазақстан аумағында орналасқан Арал теңізінің Солтүстік бөлігінің (Кіші Аралдың) су айдынын қалпына келтіру кезеңінен кейінгі қазіргі кәсіптік ихтиофаунасының түрлік құрамын толық сипаттап олардың паразитофаунасын кешенді түрде зерттеген. Диссертациялық жұмыстың мәтіні ғылыми зерттеудің логикасына сәйкес жүйелі және дәйекті жазылған, автордың өзіндік ғылыми ұстанымы мен жүргізген зерттеулерінің нәтижелері жоғары және айқын.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеудің өзектілігі жақсы дәлелденген. Диссертация тақырыбының өзектілігі толық негізделген және балық шаруашылығы ғылымының өзекті мәселелеріне сәйкес келеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды;	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Жұмыста Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік маңызы бар балықтардың түрлік құрамы мен паразитофаунасы кешенді түрде зерттеліп, олардың

		3) айқындамайды.	паразиттермен залалдану көрсеткіштері, паразиттік аурулардың таралу ерекшеліктері және эпизоотиялық жағдайы бағаланған. Диссертация мазмұны паразитофаунаны тек түрлік құрамын анықтау деңгейінде сипаттаумен шектелмей, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан талдауға және олардың кәсіптік балық ресурстарының сақталуы мен тұрақты пайдаланылуына ықпал ететін факторлармен байланыстыруға бағытталған. Жұмыста алынған нәтижелер негізінде паразиттік аурулардың алдын алу және табиғи су айдындарындағы эпизоотиялық қолайлы жағдайды сақтау бойынша ғылыми-практикалық ұсынымдар әзірленген. Осыған байланысты диссертацияның мазмұны оның тақырыбына толық сәйкес келеді және зерттеудің ғылыми бағытын, негізгі нәтижелері мен практикалық маңызын жеткілікті деңгейде көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына толық сәйкес келіп, жұмыстың негізгі ғылыми бағытын айқындайды.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдық элементтері өзара логикалық тұрғыдан байланысқан және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бірізділікпен жүйеленген.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор жұмысының зерттеу нәтижелерін өзінің жариялаған ғылыми еңбектерінен, сонымен қатар шетелдік авторлардың деректерімен салыстырмалы түрде сыни талдау жасаған.
		1) **сыни талдау бар;**	

		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми тұрғыдан жаңа нәтижелер алынып, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген. Кіші Аралда тіршілік ететін кәсіптік маңызы бар балықтардан табылған паразиттерді *18S* рРНҚ және *COX1* маркері бойынша молекулалық-генетикалық инденфикация жасалған. Зерттеу барысында анықталған паразиттердің ДНҚ/генетикалық тізбектері GenBank халықаралық деректер базасында депоненттелуі жұмыстың деректік құндылығын арттырады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Автор қазіргі Солтүстік (Кіші) Арал теңізінің кәсіптік маңызы бар балықтарының паразитофаунасына кешенді зерттеу жүргізіп, паразиттердің түрлік құрамын, инвазия көрсеткіштерін және олардың балық денсаулығына ықпалын анықтаған. Зерттеу нәтижесінде 13 балық түрінен 7 таксономиялық класқа жататын 45 метазоалық паразит түрі анықталған, олардың ішінде *Ergasilus briani* паразиті Арал теңізі үшін алғаш рет тіркелген. Тарихи деректермен жүргізілген салыстырмалы талдау паразит түрлерінің байлығының 70-тен 45 түрге дейін айтарлықтай төмендегенін және сонымен қатар негізгі кәсіптік балықтардың жекелеген түрлерінде инвазия деңгейінің жоғары болып отырғанын көрсетті. Диссертациялық зерттеулер нәтижелері Солтүстік (Кіші) Аралдың қазіргі паразитофаунасының жағдайын сипаттайтын жаңа ғылыми деректер болып табылады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа әрі негізделген. Ұсынылған шешімдер қазіргі паразитологиялық және молекулалық-генетикалық зерттеу нәтижелеріне, инвазия көрсеткіштерін статистикалық
		1) **толығымен жаңа;**	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	бағалауға және тарихи деректермен салыстырмалы талдауға негізделген. Сондықтан диссертацияда ұсынылған басқару және профилактикалық шаралар Кіші Аралдың қазіргі экологиялық жағдайына бейімделген жаңа шешімдер ретінде бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.**	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Қорытындылар ихтиологиялық, паразитологиялық, молекулалық-генетикалық және статистикалық зерттеу әдістерінің кешенді қолданылуы нәтижесінде алынған нақты деректерге сүйенген. Зерттеу барысында кәсіптік маңызы бар балықтардың түрлік құрамы, паразитофаунаның түрлік құрылымы, экстенсивтілігі, интенсивтілігі және орташа молдығы анықталып, алынған нәтижелер статистикалық әдістермен өңделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ;	Кіші Арал теңізіндгі кәсіптік ихтиофаунаның қазіргі жағдайы, сондай-ақ кәсіптік балықтардың паразитофаунасы бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелері өзара тығыз байланыста қарастырылып, экожүйелік жүйенің тұтастығын көрсететін ғылыми тұрғыдан негізделген кешенді деректерді қалыптастырды. Сонымен қатар, алынған нәтижелер негізінде балықтардың паразиттік аурулары бойынша эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар әзірленіп, олардың практикалық тиімділігі мен ғылыми негізділігі дәлелденген.

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснаманы талдау негізделген және нақты жазылған. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ихтиологиялық, паразитологиялық, молекулалық-генетикалық және статистикалық әдістер кешенді қолданылған. Балықтардың биологиялық көрсеткіштері зерттеліп, кәзіргі күнгі паразиттер морфологиялық әдісімен анықталған. Паразиттердің түрлік тиістілігі *18S rRNA* және *COX1* маркерлері бойынша ПТР, секвенирлеу және филогенетикалық талдау арқылы нақтыланған. Зерттеу барысында алынған деректерге статистикалық талдау жүргізілген. Қолданылған әдістер зерттеу міндеттеріне сәйкес және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	**Ия.** Диссертация нәтижелері заманауи компьютерлік технологиялар мен ғылыми деректерді статистикалық және биоинформатикалық өңдеу әдістерін қолдану негізінде алынған. Генетикалық деректерді өңдеу және талдау үшін BLAST және MEGA, кеңістіктік деректерді талдау үшін ArcGIS бағдарламалары пайдаланылған. Зерттеу нәтижелерінің статистикалық сенімділігін бағалау мақсатында 95% Wilson сенімділік аралығы, exact binomial test, one-way ANOVA және χ^2-тест қолданылған. Сонымен қатар балықтардың биологиялық көрсеткіштеріне салыстырмалы статистикалық бағалау жүргізілген. Қолданылған әдістер алынған деректерді объективті өңдеуге, салыстыруға және ғылыми тұрғыдан негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтар эксперименттік және далалық зерттеулер нәтижелерімен дәлелденіп, расталған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу мазмұнын толықтыруға және ғылыми талдауды негіздеуге жеткілікті көлемде берілген. Олар зерттеу тақырыбы бойынша халықаралық және отандық ғылыми еңбектерді қамтыған, қарастырылған мәселелердің теориялық базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

9 сонымен	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Кіші Арал теңізінде тіршілік ететін кәсіптік балық түрлеріндегі паразиттік инвазиялардың эпизоотологиялық сипаттамасы анықталды. Паразитоздар Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік балықтардың өнімділігі мен олардың сапасына кері әсерін тигізетін факторлардың бірі болып табылады. Балықтарда кездесетін паразиттік ауруларының таралу көрсеткішін зерттеуге, паразитоздардың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі кешенді іс-шараларды әзірлеуге, паразиттердің алуантүрлілігін зерттеуге ұсынылған ғылыми әдістер мен тәсілдерді енгізу осы саладағы болашақта жүргізілетін зерттеулерге сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, биологиялық өнімділікті, балық өнімдерінің қауіпсіздігін және олардың сапасын арттыру үшін балық өсіру кәсіпорындарының тәжірибесіне енгізуде, ғылыми зерттеу жұмысын орындау бүкіл әлемдік ғылыми қоғамдастыққа, балық шаруашылығы кәсіпорындарының тиімділігін арттыруда ғылыми және практикалық жағынан өте маңызды.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері Кіші Арал теңізінің кәсіптік балықтарында балық организміне патогендік әсер ететін және олардың тауарлық сапасын төмендететін паразиттерді анықтауға мүмкіндік береді. Балықтар желбезектерінде тіршілік етіп паразиттік зақым ететін *Dactylogyrus* spp., *Gyrodactylus* spp., *Paradiplozoon* spp., *Diplozoon paradoxum*, *Ergasilus sieboldi, E. briani, Sinergasilus major, Achtheres percarum* және *Lamproglena pulchella* жоғары инвазия кезінде желбезек тіндерін зақымдап, балықтардың тыныс алу қызметіне әсер етіп және жалпы физиологиялық жағдайын төмендетуі мүмкіндігі дәлелденген.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			Балықтың сыртқы және тауарлық сапасына тікелей әсері бар паразиттерге оның ішінде *Argulus foliaceus, Lernaea* sp. және *Posthodiplostomum cuticola* толық сипат берілген, олар тері мен сыртқы жабындарды зақымдап, жаралар мен патологиялық өзгерістер туғызатыны анық мінездеме берілген, сонымен қатар *Diplostomum* spp. және *Tylodelphys clavata* көз тіндерін зақымдап балықтың көру қызметіне және сыртқы сапасын төмендететіні көрсетілген. *Ligula interrupta, Glanitaenia osculata* және *Khawia sinensis* эндопаразиттрері жоғары инвазия кезінде балықтың қоңдылығын, өсуін және физиологиялық жағдайын төмендетіп, оның шаруашылық құндылығына әсері көрсетілген. Жоғарыда берілген зерттеулер нәтижелері паразиттердің түрлік құрамы мен инвазия көрсеткіштерін, балықтардың паразитологиялық жағдайын күрделетіп, денсаулығын және тауарлық сапасын бағалауға практикалық негіз болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар жаңа ғылыми деректерге негізделген және Кіші Аралдың қазіргі паразитологиялық және эпизоотиялық жағдайын ескере отырып жетілдірілген. Олар аймақтық ерекшеліктерге бейімделген, паразитологиялық мониторинг жүйесін күшейтуге бағытталған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның жазылу және ресімделу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Мәтін ғылыми стиль талаптарына сәйкес жүйелі түрде құрылымдалған, терминологиялық бірізділік сақталған және материалдар логикалық тұрғыдан өзара байланысқан. Диссертацияның рәсімделуі белгіленген академиялық талаптар мен стандарттарға сәйкес келеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер жоқ. Зерттеу мазмұны, құрылымы және алынған нәтижелер ғылыми

			талаптарға толық сәйкес келеді және қосымша түзетуді қажет етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант зерттеу жұмыс нәтижелері бойынша 9 ғылыми мақала жариялаған, оның ішінде 1 ұсыным, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 ғылыми мақала, Scopus және Web of Science дерекқорларына енгізілген «International Journal of Parasitology: Parasites and Wildlife» журналында 1 мақала, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 2 мақала жарияланды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс өзекті, қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған. Зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген, теориялық және практикалық маңызы бар. Диссертацияда Кіші Арал теңізінің кәсіптік балықтарының паразитофаунасы кешенді зерттеліп, паразиттердің түрлік құрамы мен инвазия көрсеткіштері анықталған. Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы, нәтижелерінің негізділігі және практикалық маңызы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу талаптарына сәйкес келеді. **Бердіахметқызы Сәлиқаға «8D08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.**

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

биология ғылымдарының докторы, профессор,
Торайғыров университетінің
«Мониторинг» ғылыми-зерттеу экологиялық орталығының жетекшісі **Ахметов Қ.Қ.**

«ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Ахметов Қ.Қ қолын растаймын
Подпись _____ заверяю
ПДҚ белімі _____
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ»